

**"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның қарауындағы жекелеген ведомствоаралық бағыныстағы заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 21 шілде N 1025

Қазақстан Республикасының теміржол саласын монополиясыздандыру, жұмыстар мен қызмет көрсетулер саласында бәсекелестік орта құру "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны:  
1 )

2) "Жосалы рельс дәнекерлеу поезы" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын бөліп шығару және оны "Жосалы рельс дәнекерлеу поезы" ашық акционерлік қоғамы етіп қайта құру;

3 )

4 )

5) 1-қосымшаға сәйкес "Теміржолқұрылыс" еншілес мемлекеттік кәсіпорнының филиалдарының мүлкін бөліп шығару және оның негізінде "Теміржолқұрылыс" ашық акционерлік қоғамын құру;

6) 2-қосымшаға сәйкес "Жолжөндеу" еншілес мемлекеттік кәсіпорны филиалдарының мүлкін бөліп шығару және оның негізінде "Жолжөндеу" ашық акционерлік қоғамын құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан 1), 3), 4) тармақшалар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 244 қаулысымен. P000244\_

2. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының денсаулық сақтау мекемелері:

1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Орталық клиникалық теміржол ауруханасы" мекемесі "Оқу-клиникалық орталық" ашық акционерлік қоғамы болып;

2)"Ақмола темір жолының жол ауруханасы" мекемесі "Орталық жол ауруханасы" ашық акционерлік қоғамы болып;

3) 3-қосымшаға сәйкес мекемелер "Көлік медициналық қызметі" ашық

акционерлік қоғамы болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен бірлесіп қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осы қаулыны орындау жөнінде қажетті қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1999 жылғы 21 шілдедегі  
N 1025 қаулысына  
1-қосымша

"Теміржолқұрылыс" еншілес мемлекеттік кәсіпорны  
филиалдарының тізбесі

Рет NN	Филиалдың атауы	Орналасқан жері
1	N 5 Ақтөбе құрылыс монтаж поезы	Ақтөбе станциясы
2	N 5 Орал құрылыс-монтаж поезы	Орал станциясы
3	N 2 Ақтөбе көпір салу ортыды	Ақтөбе станциясы
4	N 1 Ақтөбе механикаландыру басқармасы	Ақтөбе станциясы
5	N 7 құрылыс-монтаж поезы	Ақтөбе станциясы
6	N 8 Ақтөбе құрылыс-монтаж поезы	Ақтөбе станциясы
7	N 9 Маңғыстау құрылыс-монтаж поезы	Маңғыстау станциясы
8	N 10 Қостанай құрылыс-монтаж поезы	Қостанай станциясы
9	N 11 Көкшетау құрылыс-монтаж поезы	Көкшетау станциясы
10	N 12 құрылыс-монтаж поезы	Астана станциясы

- |    |                                        |                     |
|----|----------------------------------------|---------------------|
| 11 | N 13 Павлодар құрылыс-монтаж поезы     | Павлодар станциясы  |
| 12 | N 14 Қарағанды құрылыс-монтаж поезы    | Қарағанды станциясы |
| 13 | N 17 құрылыс-монтаж поезы              | Қызылорда станциясы |
| 14 | N 1 электр-монтаж поезы                | Қызылорда станциясы |
| 15 | N 4 құрылыс-монтаж поезы               | Қызылорда станциясы |
| 16 | N 2 темір-бетон конструкциялары зауыты | Қазалы станциясы    |
| 17 | N 18 Арыс құрылыс-монтаж поезы         | Арыс станциясы      |
| 18 | N 3 Тараз құрылыс-монтаж поезы         | Жамбыл станциясы    |
| 19 | N 2 Шу құрылыс-монтаж поезы            | Шу станциясы        |
| 20 | N 1 құрылыс-монтаж поезы               | Алматы станциясы    |
| 21 | N 1 көпір салу отряды                  | Алматы станциясы    |
| 22 | N 1 темір-бетон конструкциялары зауыты | Алматы станциясы    |
| 23 | N 16 Защита құрылыс-монтаж поезы       | Защита станциясы    |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1999 жылғы 21 шілдедегі  
N 1025 қаулысына  
2-қосымша

"Жолжөндеу" еншілес мемлекеттік кәсіпорны  
филиалдарының тізбесі

- |     |                          |                 |
|-----|--------------------------|-----------------|
| Рет | Филиалдың атауы          | Орналасқан жері |
| NN  |                          |                 |
| 1   | N 1 жол машина станциясы | Пойма станциясы |

2	N 3 жол машина станциясы	Ембі станциясы
3	N 5 жол машина станциясы	Жаңа Есіл станциясы
4	N 8 жол машина станциясы	Ерментау станциясы
5	N 10 жол машина станциясы	Нұра станциясы
6	N 12 жол машина станциясы	Жаңаарқа станциясы
7	N 16 жол машина станциясы	Тобыл маңы станциясы
8	N 17 жол машина станциясы	Защита станциясы
9	N 21 жол машина станциясы	Құмшағыл станциясы
10	N 25 жол машина станциясы	Жетіген станциясы
11	N 1 Біршоғыр қиыршық тас зауыты	Біршоғыр станциясы
12	N 2 Жоламан қиыршық тас зауыты	Жоламан станциясы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1999 жылғы 21 шілдедегі  
N 1025 қаулысына  
3-қосымша

"Қазақстан темір жолы" еншілес мемлекеттік кәсіпорнының  
ашық акционерлік қоғамдары болып қайта құрылуға жататын  
денсаулық сақтау мекемелерінің тізбесі

Рет	Мекемелердің атауы	Орналасқан жері
1	Батыс темір жолының жол ауруханасы	Ақтөбе қаласы
2	Атырау станциясының теміржол ауруханасы	Атырау қаласы
3	Защита станциясының теміржол ауруханасы	Өскемен қаласы
4	Қарағанды-Сұрыптау станциясының бөлімше ауруханасы	Қарағанды қаласы
5	Жамбыл станциясының бөлімше ауруханасы	Тараз қаласы
6	Орал станциясының теміржол ауруханасы	Орал қаласы
7	Батыс Қазақстан темір жолы Қызылорда станциясының бөлімше ауруханасы	Қызылорда қаласы
8	Тың темір жолы Қостанай станциясының бөлімше ауруханасы	Қостанай қаласы

- 9 Павлодар станциясының бөлімше ауруханасы Павлодар қаласы
- 10 Көкшетау станциясының теміржол ауруханасы Көкшетау қаласы
- 11 Семей станциясы теміржол ауруханасының Семей қаласы  
Семей филиалы
- 12 Алматы темір жолы Шымкент станциясының Шымкент қаласы  
бөлімше ауруханасы
- 13 Алматы темір жолының бөлімше ауруханасы Алматы қаласы
- 14 Алматы темір жолының балалар жол Алматы қаласы  
ауруханасы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.